

Андатпа

Дипломдық жоба «Инверторлық жиілікті түрлендіргішті асинхронды электр жетегі көпірлік кранды басқаруды автоматтандыру» тақырыбына жазылған. Бұл жобада технологиялық үдерісті талдау болып табылады. Электр жетегі жүйесі мен өнеркәсіптік құрылғының автоматталуын таңдау және автоматтандырылған электр жетегі мен автоматтау жүйесіне қойылатын талаптарды тұжырымдау.

«Өмір тіршілігі қауіпсіздігі» бөлімінде қоршаған ортаға зиянды заттар бөлінуіне қарсы шаралар қолданылды және өрттің шығу себептері зерттеліп одан қорғану амалдары да қарастырылды. Көпірлік кранның әсер ету аймақтары есептелінді.

«Экономика» бөлігінде капиталдық шығын есептелінді және бұл жобаның экономикалық тиімділігі анықталынды.